


Келісілді: 
ЖШС «Мариям А»
«Мариям А» бөбекжайының
әдіскері: А.Е.Мергенбаева

Бекітілді: 
ЖШС «Мариям А»
«Мариям А» бөбекжайы
менгерушісі: А.Е.Мергенбаева



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде «Құлыншақ» ортаңғы тобының 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Тәрбиешілері: Казиева Н.Ж.
Сыдықова Г.Н.

ТҮСІНІК ХАТ

2023-2024 оқу жылына арналған тәрбиелеу-білім беру жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының 1-міндетін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» міндеттерін орындау мақсатында жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру процесі төмендегі **нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырылады:**

-Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандартты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институтының» ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттамасы);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазан №422 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- Мектепке дейінгі жастағы балаларға қазақ тілін үйрету бойынша әдістемелік ұсынымдар (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институтының» ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2023 жылғы 27 қыркүйектегі №8 хаттамасы).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы

Топ «Құлыншақ» ортаңғы топ

Балалардың жасы 3 жас

Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету) Қыркүйек

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Күтілетін нәтиже: бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүреді;
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дағдыларды қалыптастыру: дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу; ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; Күтілетін нәтиже: дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады
Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу. Балаларды ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету Күтілетін нәтиже: ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтады
Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге, ол сөздерді қолдана білуге үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру;</p> <p>Сөздік қор: заттардың түсін (қызыл, көк, сары, жасыл), өлшемін (үлкен, кіші) заттардың күйін (таза, кір) атауын меңгерту</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету (Бұл кім? Бұл не?);</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру; ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: қазақ тіліне тән дыбыстарынды ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дұрыс атайды, айтылған сөзді тыңдайды және түсінеді; заттардың түсін (қызыл, көк, сары, жасыл), өлшемін (үлкен, кіші) заттардың күйін (таза, кір) атауларын атайды.</p>
Математика негіздері	Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету; дағдыларды қалыптастыру Күтілетін нәтиже: «бір», «көп» ұғымдарын ажыратады
Қоршаған ортамен таныстыру	Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру. ауа райының жағдайларын бақылау және анықтай білуді жетілдіру; табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылық танытады

Құрастыру	құрылыс материалдарынан құрастыру, құрылыс материалының негізгі бөлшектері, олардың бөлшектері туралы білімді қалыптастыру Күтілетін нәтиже: құрастыруды қызығушылықпен орындайды
Сурет салу	Заттық сурет салу. Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру: көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн); Күтілетін нәтиже: сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу: сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру. Күтілетін нәтиже: заттарды мүсіндеуге қызығады
Жапсыру	дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау; Күтілетін нәтиже: желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген
Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында таза айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Билер: Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспаптармен таныстыру сонын ішінде сыбызғы аспабымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды; Музыканы тыңдау дағдыларын меңгерген;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы

Топ «Құлыншақ» ортаңғы топ

Балалардың жасы 3 жас

Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету)Қазан айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Қолға және иық белдеуіне, денеге,аяққа арналған жаттығулар қолдарын жоғарыға және жанына көтеру, бір қолындағы затты алдына әкеліп, екінші қолына ауыстыру; қолдарын шапалақтау. Күтілетін нәтиже: жартылай отырып, заттарды айналып жүреді
Сөйлеуді дамыту	дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту; артикуляциялық аппаратты дамыту. Сөздік қорын кеңейту. Күтілетін нәтиже:сөздердіжіктелуіне, септелуінеқарайбайланыстыру
Көркем әдебиет	кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауға. әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдауға және түсінуге үйрету. Күтілетін нәтиже:әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты айтылуы мен дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор: ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; Тілдің грамматикалық құрылымы: Заттар мен әрекеттерді олардың ауызша атауымен сәйкестіндіре алуға үйрету, түрлі әрекеттерді түсіне алуды қалыптастыру. Байланыстырып сөйлеу: шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау дағдыларын қалыптастыру Күтілетін нәтиже: ересектердің көмегімен шағын тақпақтар мен өлеңдерді жатқа айтады, мазмұнына өзінің көзқарасын жеткізе алады;
Математика негіздері	бөлмедегі заттарды ажырату және олардың санын анықтау;заттарды салыстыру; Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру Күтілетін нәтиже: жаңаны тануға ұмтылады, заттарды қызығып, қуанып зерттейді
Қоршаған ортамен таныстыру	Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері, көкөністері мен жемістері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; бөлме өсімдіктерінің түрлері (шегіргүл, қазтамақ, бегония және тағы басқа), олардың ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: кейбір көгөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады және атайды
Құрастыру	бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану; ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру; Күтілетін нәтиже: құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды
Сурет салу	бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал); салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс сурет салу

	(саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті борлармен) дағдыларын қалыптастыру Күтілетін нәтиже: тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады
Мүсіндеу	алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру Күтілетін нәтиже: мүсіндейтін затты зерттейді
Жапсыру	желімдеудің техникасы; ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі; Күтілетін нәтиже: желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын
Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту: Әнді барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Билер: Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспаптармен таныстыру сонын ішінде металлофон аспабымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: музыка жанрлары: ән мен маршты, биді таниды; музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы

Топ «Құлыншақ» ортаңғы топ

Балалардың жасы 3 жас

Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету)Қараша айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Қолға және иық белдеуіне, денеге,аяққа арналған жаттығулар қолдарын жоғарыға және жанына көтеру, бір қолындағы затты алдына әкеліп, екінші қолына ауыстыру; қолдарын шапалақтау. Күтілетін нәтиже: жартылай отырып, заттарды айналып жүреді
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеу қарынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу ,жаңылтпаштар айту.ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту;зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекшісөздермен бірге қолдану;зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекшісөздермен бірге қолдану;шағын тақпақтар мен өлеңдерді жаттау; Күтілетін нәтиже: зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады
Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже:алынған ақпаратқа сәйкес өзінің ойын білдіреді
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: дыбысталап жатқан заттың сипатын ажырата алуды дамыту; Сөздік қор: қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру; Тілдің грамматикалық құрылымы: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; Байланыстырып сөйлеу: өзінің мекен-жайы, тұратын қаласы туралы айтуға үйрету; мақал-мәтелдер айтуға үйрету. Күтілетін нәтиже: қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің мағынасын түсінеді және оларды дұрыс байланыстыра алады; күнделікті өмірде қолданады және оларды дұрыс айта алады; қазақ тіліндегі сөз тіркестерінің мағынасын түсінеді және оларды дұрыс байланыстыра алады;
Математика негіздері	біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беру. геометриялық пішіндерді тану және атау; пішін түрлерін зерттеу. тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн. Күтілетін нәтиже: біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді
Қоршаған ортамен	Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу

таныстыру	жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Көлік, байланыс құралдары. Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру. Күтілетін нәтиже: көлік құралдарын атайды
Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру; ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру; Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. Күтілетін нәтиже: құрастыруды қызығушылықпен орындайды
Сурет салу	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Сәндік сурет салу. Элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Көлденең және тік сызықтарды салу. Күтілетін нәтиже: пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген
Мүсіндеу	Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Заттық мүсіндеу: сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; Күтілетін нәтиже: сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі
Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. жаймадағы дайын пішіндерге жағу; Күтілетін нәтиже: ; бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады
Музыка	Музыка тыңдау: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуімен әннің сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін бере білу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен кезек-кезек еркін және жеңіл секіру. Билер: Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспаптармен сонын ішінде қоңырау аспабымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратады, оларды атайды, қарапайым ырғақпен соғады;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы

Топ «Құлыншақ» ортаңғы топ

Балалардың жасы 3 жас

Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету) Желтоқсан айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жүру: нұсқаушының белгісімен тоқтап, бұрылып жүру; нұсқаушының белгісімен жартылай отырып жүру.</p> <p>Жүгіру: бірқалыпты, аяқтың ұшымен, алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру; бірсызыққа қойылған заттардың арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру.</p> <p>Секіру: тұрған орнынан ұзындыққа 40-50 сантиметр қашықтыққа секіру; құрсаудан құрсауға секіру.</p> <p>Домалату: заттардың арасымен, қақпаға допты домалату; аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5-2 метр қашықтықтан допты бір-біріне домалату.</p> <p>Еңбектеу: 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу; еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау: бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүру; бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) бойымен жүру.</p> <p>Спорттық жаттығулар: шанамен сырғанау: бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау; шанамен бір-бірін сырғанату.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: нұсқаушының белгісімен тоқтап, бұрылып жүреді; нұсқаушының белгісімен жартылай отырып жүреді;</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді-антонимдерді енгізу. сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану. ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіну білу; ересектердің сөзін тыңдау және түсіну;</p> <p>Күтілетін нәтиже: ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтады</p>
Көркем әдебиет	<p>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анықайтуға; Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p> <p>Күтілетін нәтиже: әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізеді;</p>
Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: - мәдениет нышандарын қалыптастыру (амандасу, сәлемдесу)</p> <p>Сөздік қор: заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету;</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?)</p>

	және тағы басқа) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету. Күтілетін нәтиже: қарапайым сұрақтарды түсінеді, оларға шағын сөйлемдермен жауап береді. заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды алады.
Математика негіздері	Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. заттардың бір тобын екіншісіне біріділікпен беттестіру және қосу; заттарды бір қатарға, реті бойынша, бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыру. Геометриялық пішіндер. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету. Күтілетін нәтиже: тең және тең емес заттар тобын салыстырады;
Қоршаған ортамен таныстыру	Менің Отаным – Қазақстан. Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қазақстан - менің Отаным. Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тазалық сақтайды
Құрастыру	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. көп түсті құрылым құрастыру;үлгі бойынша құрастыру; Күтілетін нәтиже: құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап, зерттейді
Сурет салу	Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азықтүлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу.Қоршаған әлемнің, өнер туындыларының әсемдігіне, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа ұлттардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым табиғат құбылыстарын, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге баулу. Күтілетін нәтиже: сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды
Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтауқозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру. Күтілетін нәтиже: мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды игерген
Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлықты қолдану. желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу, желім қалдықтарын жою үшін майлықты пайдалану. Күтілетін нәтиже: ұжымдық жұмыстарға қатысады және оларды қызығып жасайды
Музыка	Музыка тыңдау: Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға жәнебілуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.

<p>Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып әнді орындау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.</p> <p>Билер: Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспаптармен сонын ішінде сылдырмақ, маракас аспаптарымен таныстыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды;</p>
--

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы

Топ «Құлыншақ» ортаңғы топ

Балалардың жасы 3 жас

Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету) Қаңтар айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жүру: бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру; сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру. Жүгіру: бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүгіру; сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Секіру: бір орында тұрып, 2-3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру; ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру; заттарды айналып және заттардың арасымен секіру. Лақтыру, қағып алу, домалату: аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5-2 метр қашықтықтан допты бір-біріне домалату; допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу; допты төмен еденге (жерге) соғу, қағып алу. Еңбектеу: 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта еңбектеу; еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу; еденге қойылған доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу. Тепе-теңдік сақтау: бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) бойымен жүру; бір қырымен қосалқы қадаммен арқан бойымен жүру; бір қырымен қосалқы қадаммен бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың арасымен жүру. Күтілетін нәтижелер: бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүреді; тізені жоғары көтеріп жүреді; сапта бір-бірден, екеуден жүреді; бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүгіреді; сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіреді;</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөздерді жектелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекше сөздермен бірге қолдану, зат есімдер жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. тілдегі дыбыстарды дұрыс айта білуін және зейін қойып тыңдауын жетілдіру; тілдік қарым-қатынас мәдениетін дұрыс қолдану; Күтілетін нәтиже: сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстырады</p>
Көркем әдебиет	<p>Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. кейіпкерлерге жанашырлық танытуға; Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Күтілетін нәтиже: сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады</p>
Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сақтауға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; Сөздік қор: - ойын арқылы сөздік қорды молайту; Тілдің грамматикалық құрылымы:</p>

	<p>- қазақ тілінде қарапайым ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру (түсіну және сөйлеу);</p> <p>Байланыстырып сөйлеу:</p> <p>-бастапқы қарым-қатынас дағдыларын игеруге жағдай жасау, қарапайым қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Күтілетін нәтиже: қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдайды, дұрыс айта біледі және ол сөздерді есте сақтайды. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айта алады.</p>
Математика негіздері	<p>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, Геометриялық пішіндер.</p> <p>Күтілетін нәтиже: екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. Жануарлар әлемі. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. қоршаған ортадағы заттарды, кеңістікті бағдарлауды меңгерту; заттардың сапалары мен қасиеттерін:сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру;</p> <p>Күтілетін нәтиже: туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді меңгерген</p>
Құрастыру	<p>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. құрылыс материалдарынан құрастыру;</p> <p>Күтілетін нәтиже: әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады</p>
Сурет салу	<p>құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. бірнеше тік және көлденең сызықтардан заттарды салу (дуал, ағаш); қарындаш, қылқалам, бояу, гуашьты пайдалану;</p> <p>Күтілетін нәтиже: зықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі</p>
Мүсіндеу	<p>Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды Заттық мүсіндеу: бірнеше бөліктен тұратын күрделі емес заттарды, жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндейді</p>
Жапсыру	<p>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану; Сюжеттік жапсыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру</p> <p>Ән айту: Ересектердің дауысына ілесе отырып олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Денені оңға, солға бұруды, басты оңға, солға июді, қолдарды сермеуді үйрету.</p>

Билер: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.

Музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспаптармен сонын ішінде барабан аспаптарымен және солардың дыбысталуымен таныстыру.

Күтілетін нәтиже: сөздерді дұрыс және анық айтады, әннің сипатын береді (көңілді, мұңды,ойнақы, әуенді);

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы

Топ «Құлыншақ» ортаңғы топ

Балалардың жасы 3 жас

Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету) Ақпан айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жүру: белгі бойынша тоқтап жүру; белгі бойынша бұрылып жүру. Жүгіру: тура және шеңбер бойымен жүгіру; сапты бірінен соң бірі «жыланша» жүгіру. Секіру: тұрған орнынан ұзындыққа 40-50 сантиметр қашықтыққа секіру; құрсаудан құрсауға секіру; 15-20 сантиметр биіктіктен секіру. Лактыру, домалату: допты заттардың арасымен, қақпаға домалату; төменнен екі қолменкөлденең нысанаға лактыру. Еңбектеу: көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). Тепе-теңдік сақтау: бір қырымен қосалқы қадаммен қырлы тақтайдың бойымен жүру. Спорттық жаттығулар: шанамен бір-бірін сырғанату; шанамен биік емес төбеден сырғанау; велосипед тебу: оңға, солға бұрылу; үш дөңгелекті велосипедті тура тебу. Күтілетін нәтижелер: белгі бойынша тоқтап жүреді; белгі бойынша бұрылып жүреді; тура және шеңбер бойымен жүгіреді; сапты бірінен соң бірі «жыланша» жүгіреді; тұрған орнынан ұзындыққа 40-50 сантиметр қашықтыққа секіреді; құрсаудан құрсауға секіреді;</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. зат бөліктерін ажырату және атай білу; қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдану; сөз және сөз ұяқастарына құрылған ойындарға қызығушылық таныту; Күтілетін нәтиже: кітаптағы суреттерді, ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап береді, оларды жай сөйлемдермен сипаттайды</p>
Көркем әдебиет	<p>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау. шығарма жанрларын (тақпақ, ертегі, әңгіме және тағы басқа) ажыратуға; Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау Күтілетін нәтиже: оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтады</p>
Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауызша сөйлеуін дамыту; Сөздік қор:</p>

	<p>дидактикалық және дамытушы ойындар мен жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорын байыту;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: ауызша коммуникацияның лексико-грамматикалық құралдарын белсендендіру және қалыптастыру;</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: ауызша байланыстырып сөйлеуді дамыту (диалогтық және монологтық); Күтілетін нәтиже: Қарапайым сұрақтарды түсінеді, оларға қысқаша әңгіме құрастыра алады.</p>
Математика негіздері	<p>салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы, ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстыра білуді бекіту.</p> <p>Күтілетін нәтиже: ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Балаларға түрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдануды, бейтаныс заттардың атқаратын қызметтерін түсіндіру, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгерту;</p> <p>Күтілетін нәтиже: «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерге ие</p>
Құрастыру	<p>Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Құрылыс материалының негізгі бөлшектері, олардың бөлшектері туралы білімді қалыптастыру, оларды түсі, шамасы бойынша тану.</p> <p>Күтілетін нәтиже: өзі құраған құрылысымен ойнайды;</p>
Сурет салу	<p>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, төртбұрышты пішіндегі заттарды бейнелеу, оларды дөңгелекпішіндегілермен үйлестіру; сурет салудың дәстүрлі емес тәсілдерін қолдану;</p> <p>Күтілетін нәтиже: қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды; тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады</p>
Мүсіндеу	<p>Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылығын тудыру. Табиғи материалдан мүсіндеу дағдыларын бекіту.</p> <p>Күтілетін нәтиже: мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады</p>
Жапсыру	<p>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Түрлі пішіндегі қазақ оюының кейбір элементтерін қағазға орналастыру; Сәндік жапсыру.</p> <p>Күтілетін нәтиже: оюдың әсемдігін, оның орналасуын байқайды, олардың элементтерін бөліп көрсетеді</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау: Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.</p> <p>Ән айту: Әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, ырғақпен бірге жүру.</p> <p>Билер: Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау.</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда қарапайым әуендерді ойнауды үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтады;</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы

Топ «Құлыншақ» ортаңғы топ

Балалардың жасы 3 жас

Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету) Наурыз айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жүру: бірінің артынан бірі жартылай отырып жүру; өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап жүру.</p> <p>Жүгіру: шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру.</p> <p>Секіру: тұрған орнынан ұзындыққа 40-50 сантиметр қашықтыққа секіру; қысқасекіргішпен секіру; қос аяқпен сызықтан секіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу: оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр, 1-1,5 метр қашықтықтан) лақтыру; допты жоғары лақтыру соғу, қағып алу; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5-6,5 метрден кем емес); оң және сол қолмен (1,5-2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру.</p> <p>Өрмелеу: гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр); сатыбойымен өрмелеу.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау: бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) бойымен жүру; бір қырымен қосалқы қадаммен арқан бойымен жүру.</p> <p>Спорттық жаттығулар: үш дөңгелекті велосипедті шеңбер бойымен тебу.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>бірінің артынан бірі жартылай отырып жүреді; өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, шапшаң және баяу қарқынмен жүгіреді; қарқынды өзгертіп, жылдам жүгіреді; адымдап жүреді; тұрған орнынан ұзындыққа 40-50 сантиметр қашықтыққа секіреді; қысқа секіргішпен секіреді; қос аяқпен сызықтан секіреді;</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы 35 қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Сөздік қорын сөздік ойындар мен жаттығулар арқылы байыту; сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану.</p> <p>Күтілетін нәтиже: қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық танытады</p>
Көркем әдебиет	<p>балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Суреттер бойынша таныс шығармаларды тануға, сұрақтарға жауап беруге; Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.</p> <p>Күтілетін нәтиже: сөз тіркестерінің мәнін түсінеді, оларды өз бетінше құрайды</p>
Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</p> <p>қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білуге, ол сөздерді қолдана білуге үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, н, һ дыбыстарын ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру;</p>

	<p>Сөздік қор: күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынастарды білдіретін сөздерді дұрыс айту және мағыналарын түсіну (әке, ана, ата, әже, апа, аға т.б.) апта күндері мен ай атауларын, жыл мезгілдерінің атауларын айту дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: жай сөйлемдер құрастыруға үйрету; қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету (Бұл кім? Бұл не?);</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: шағын қарапайым мазмұнды мәтіндерді, тақпақтар мен өлеңдерді тыңдауға және оларды түсінуге, мазмұндау мен жатқа айтып беруге машықтандыру. Күтілетін нәтиже: күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынастарды білдіретін сөздер мен кейбір тұрмыстық заттардың, жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, апта күндерінің, айлардың, жыл мезгілдерінің аттарын айтады және түсінеді;</p>
Математика негіздері	<p>Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Геометриялық пішіндер туралы білімдерін нақтылау: дөңгелек, шаршы, үшбұрыш. Күтілетін нәтиже: ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Заттық әлем. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Өртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Қазақстан - менің Отаным, еліміздің рәміздері. Қазақ халқының дәстүрлі тұрғын үйімен таныстыруды жалғастыру. Қазақстанның туы туралы түсінік беру. Күтілетін нәтиже: тұратын қаласы мен ауылы туралы, Қазақстан Республикасының бас қаласы, мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерге ие</p>
Құрастыру	<p>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Сюжеті бойынша біріктіру және ойнау арқылы құрылыс салу кезінде шығармашылық қиялды қалыптастыру; Күтілетін нәтиже: ұжымдық құрылыс жасауға қатысады</p>
Сурет салу	<p>тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. Сәндік сурет салу. Бейнелеу әрекетіне, халық шығармашылығының туындыларына деген қызығушылықты тәрбиелеу. Қазақ ою-өрнектері элементтерінің суретін салудағыларын бекіту. Қазақ мәдениетінің тұрмыстық заттарымен таныстыру. Күтілетін нәтиже: тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады</p>
Мүсіндеу	<p>Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Сюжеттік мүсіндеу. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру: заттарды мүсіндеуге қызығады; сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі; мүсіндейтін затты зерттейді Күтілетін нәтиже: қазақ халқының әшекей бұйымдарын біледі</p>
Жапсыру	<p>Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. шаршының ортасына, бұрыштарына қазақ ою өрнектерін жапсыру; пішінін, түсі мен көлемін, ескере отырып, заттар мен ою-өрнектерді орналастыру; геометриялық элементтерден</p>

	<p>өрнек құрастыруға үйрету. Күтілетін нәтиже: қазақ халқының ыдыс-аяқтары мен тұрмыстық заттарын біледі</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау: Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне жазбадан музыка тыңдауға үйрету. Ән айту: Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың ырғағына ілесе отырып, қарапайым би қимылдарын орындауды аяқтарын қозғауды, айнаруды үйрету. Билер: Ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Музыкалық аспаптарында ойнау: Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Күтілетін нәтиже: Қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі;</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы

Топ «Құлыншақ» ортаңғы топ

Балалардың жасы 3 жас

Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету) Сәуір айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жүру: еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналып жүру; заттарды айналып жүру. Жүгіру: тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру; бірінен соң бірі жәнешашырап жүгіру. Секіру: ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру; заттарды айналып және заттардың арасымен секіру. Лақтыру, қағып алу, домалату: аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5-2 метр қашықтықтан допты бір-біріне домалату; төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру; допты жоғары лақтыру, қағып алу; заттардың арасымен бір-біріне допты домалату. Еңбектеу: заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу; еденге қойылған тақтайбойымен еңбектеу. Тепе-теңдік сақтау: бір қырымен қосалқы қадаммен бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың арасымен жүру. Спорттық жаттығулар: велосипед тебу: оңға, солға бұрылу; үш дөңгелекті велосипедті шеңбер бойымен тебу. Күтілетін нәтижелер: еденге қойылған заттардан аттап жүреді, жан-жаққа баяу айналып жүреді; заттарды айналып жүреді; тоқтамай баяу қарқынмен жүгіреді; бірінен соң бірі және шашырап жүгіреді; ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіреді; заттарды айналып және заттардың арасымен секіреді;</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. балалардың тілін заттың сапасы мен қасиеттерін білдіретін сөздермен байыту; таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға деген ынтасын, қызығушылығын ояту. Күтілетін нәтиже: бір-бірімен, ересектермен сөйлеседі</p>
Көркем әдебиет	<p>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. оқиғаны эмоционалды қабылдауға; Күтілетін нәтиже: еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің рөлін сомдайды</p>
Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліндегі сөздерді мұқият тыңдауға және дұрыс айтуға, есте сақтауға үйрету. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қор: заттардың белгілерін (түсі, көлемі), заттармен әрекет етуді білдіретін сөздерді айта білуге баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы: "ма, ме" демеулік шылауларын пайдаланып болымды және болымсыз етістік бұйрықтарын дифференциациялау; Байланыстырып сөйлеу:</p>

	байланыстырып сөйлеудің түрлі бейнелерін және оның белгілерін тани алу икемділігін, әңгімені құрастыру және қайталап айту дағдысын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: заттардың түсін, көлемін, санын, олармен әрекеттерді білдіретін сөздерді айтады; қарапайым сұрақтарға жауап береді;
Математика негіздері	Кеңістікті бағдарлау. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Кеңістікті, уақытты бағдарлау. Күтілетін нәтиже: өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды
Қоршаған ортамен таныстыру	Еңбекке баулу. Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. Күтілетін нәтиже: балабақша және балабақша қызметкерлері туралы түсінігі бар
Құрастыру	Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. қағаздан құрастыру. Күтілетін нәтиже: ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыра алады
Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. дәстүрден тыс сурет салуды (құмда саусақпен немесе таяқшамен, алақандарымен, асфальтта түрлі-түсті борлармен) салуды. Бормен асфальтқа, таяпен құмға сурет салу, жолақты және бұрыштарға қазақ ою-өрнектерінің қос элементін салу. Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу. Күтілетін нәтиже: сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады
Мүсіндеу	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Сәндік мүсіндеу. Әшекей заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Өз ойыннан мүсін құрау. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Күтілетін нәтиже: жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіреді
Жапсыру	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау. заттардың орналасу, олардың арасында арақашықтықтың сақталу заңдылығы; Балаларды жалпы композиция құрастыруға үйрету. Күтілетін нәтиже: геометриялық фигураларды ажыратады, оларды ою-өрнектермен безендіреді
Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту: Ересектердің дауысына ілесе отырып, әннің сөздерін анық айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар Музыкалық аспаптарда ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. Билер: Музыканың ырғағына ілесе отырып қарапайым би қимылдарын орындау. Музыкалық аспаптарында ойнау: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Күтілетін нәтиже: билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжайы

Топ «Құлыншақ» ортаңғы топ

Балалардың жасы 3 жас

Қандай кезеңге жасалды (айды, жылды көрсету) Мамыр айы

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Жүру:сапта бір-бірден, екеуден (жүппен) жүру; сапта аяқтың ұшымен, тізені жоғарыкөтеріп жүру. Жүгіру: белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; бірінің артынан бірі «жыланша»жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру. Секіру: 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіру; құрсаудан құрсауға секіру. Лақтыру, домалату: заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық); оң және сол қолмен (1,5-2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру;аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5-2 метр қашықтықтан допты бір-біріне домалату; оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық). Еңбектеу, өрмелеу: гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр);заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу. Тепе-теңдік сақтау: бір қырымен қосалқы қадаммен қырлы тақтайдың бойымен жүру; бірқырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) бойымен жүру. Спорттық жаттығулар: велосипед тебу: оңға, солға бұрылу. Күтілетін нәтижелер: сапта бір-бірден, екеуден (жүппен) жүреді; сапта аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріпжүреді; белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіреді; бірінің артынан бірі «жыланша» жүгіреді;қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіреді; 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып секіреді; құрсаудан құрсауға секіреді;заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтырады; гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түседі;</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. сөздерге қызығушылығын арттыру, зейінін жетілдіру, балалардың сөздік қорына антонимдер – мағынасы қарама-қарсы сөздерді енгізу. суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу; Күтілетін нәтиже:ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды</p>
Көркем әдебиет	<p>Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. мәнерлі, мағыналы, эмоционалды түрде жатқа айтуға үйрету. Шығарма жанрларын (тапақ,ертегі,әңгіме және тағы басқа) ажырату. Мәнерлі, мағыналы, моционалды түрде жата айтуға үйрету. Күтілетін нәтиже:тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтады</p>

Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық аппаратты дамыту жұмыстарын жалғастыру. Дауыс күші мен сөйлеу қарқынын дамыту: баяу және жылдам, қатты және ақырын сөйлеуге үйрету.</p> <p>Сөздік қор: заттардың сынын, санын білдіретін сөздерді айта білуге үйрету;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: жай сөйлемдерді түсіне алуды дамыту: "бастауыш+баяндауыш", "бастауыш+толықтауыш+баяндауыш".</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: шағын қарапайым мазмұнды мәтіндерді, тақпақтар мен өлеңдерді тыңдауға және оларды түсінуге, мазмұндау мен жатқа айтып беруге машықтандыру. Күтілетін нәтиже: сөздерді жекеше, көпше түрде қолданады; шағын мәтіндерді, өлеңдерді тыңдайды, түсінеді және жатқа айтады; қазақ тілінде жай сөйлем құрай алады.</p>
Математика негіздері	<p>Уақытты бағдарлау. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Кеңістікті және уақытты бағдарлауға үйрету. Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру</p> <p>Күтілетін нәтиже: қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).</p> <p>Күтілетін нәтиже: табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды</p>
Құрастыру	<p>Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. Қағаз беттерін көлемді пішіндерге өзгертуге үйрету. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызыған құрылысын талдауға баулу</p> <p>Күтілетін нәтиже: ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды</p>
Сурет салу	<p>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. түстерді тану мен ажырату: қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ; негізгі түстер мен олардың реңктерін пайдалану; таяқпен құмға, бормен асфальтқа сурет салу;</p> <p>Күтілетін нәтиже: негізгі түстерді дұрыс атайды</p>
Мүсіндеу	<p>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Өз ойынан мүсін құрау. Ересектің көмегімен шығармашылық ойлауды дамыту. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).</p> <p>Күтілетін нәтиже: заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүсіндей алады; жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіреді</p>
Жапсыру	<p>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлықты қолдану. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулутабиғи</p>

	<p>материалмен жұмыс істеу, олардан зат жасау; қағаздың мүмкіндіктері туралы түсініктерді жетілдіру: жыртылады, мыжылады, оңай мыжылады.</p> <p>Күтілетін нәтиже: ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам),</p> <p>Ән айту: Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізуге үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.</p> <p>Билер: Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.</p> <p>Музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарының ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді;</p> <p>балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды.</p>